

Биылғы жылы елімізде өте үлкен іс-шаралар өткізіліп отыр. Соның ішінде, атап айтатын болсақ, Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдық мерейтойы. Осы орайда Облыстық арнайы көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханасында «Мын өліп, мын тірілген - казағым» атты үлкен ауқымды тарихи-танымдық кеш өтті. Тамырын тереңге жайған тарих беттерінен хабардар болғысы келген жастарымыз да, карттарымыз да залға толып кетті. Іс-шараны кітапхана директорының орынбасары Л.Темірбаева «Оз тарихын білмеген халық, өзін де сыйламайды» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, тарихымыз жайлы біраз мағлұматтармен ашып берді. Қызмет көрсету бөлімінің менеджері Н.Туяқбаева мен кітапханашы Ә.Әбжаппар қазақ және орыс тілдерінде қазақ хандығының құрылуы жайлы көпшілікке баяндап берді. Бабаларымыз «Жерұйық» жерді, құтты мекенді аңсап торт құбыласы тән, қазығы берік, мамыражай тіршілігі бар мемлекет құруды, ішімен сырты бүтін мәңгілік ел болуды мұрат етті. Қайнар бастауын адамдық ізгіліктен, бейбітшілік қозғалыстан, кіндік қаны тамған жерге адалдықтан алып жатқан ұлы мұрат, қазақ халқы басынан қаншама қиын заман кешсе де атадан – балаға, ұрпақтан – ұрпаққа бұлжымас аманат болып келеді. Бүгінгі Қазақстан осы сан ғасырлық мемлекеттік қағидалары мен елдік ұстанымдардың заңды мұрагері. Ғасырлар тоғысында еркіндікті аңсаған ата – баба арманы жүзеге асып, егемендікке ие болды. Осы тақырыпқа байланысты кітапханамыздың ақпараттандыру орталығы дайындаған Қасым хан және Тәуке хан жайлы бейнероликтер екі тілде көрсетілді. Залда «Қазақ хандығының 550 жылдығына » орай үлкен ауқымды көрме ұйымдастырылды. Көрмеге хандар жайлы түрлі сан алуан кітаптар қойылды. Атап айтсақ, хандар жайлы брайльша яғни нүктелі – бедерлі шрифтпен, «Қазақ хандығы: құрылуы, орлеуі, құлдырауы» атты кітапхана студиясы үндендірген кітабы, хандар бейнесі тактильді сурет түрінде, билердің бейнелері кіші қалыпты мүсінде қойылды. Іс-шарамыздың екінші бөлімінде облыстық Ж.Шанин атындағы драма театр өртістері Е. Шымырқұлов, С. Жакыпов, Ү. Артиқбаев, М. Нұралиев өз өнерлерін көрсетті. Ата бабаларымыздың дау-дамай, бітім - келісімдерін әділ шеше білген үш биіміз Қазыбек, Толе, Әйтеке билер және Абылай ханның өмірлерінен үзінді көрініс көрсетті. Оқырмандар көріністен өте үлкен шынайы әсер алды. Арнайы кітапхана оқырмандары өртістердің шеберлігіне дән риза болды. Өртістердің өз ролдерінде шебер ойнауының арқасында, өзімізді бағзы бір сол кезеңде өмір сүргендей сезіндік. Іс-шараны «TVK», «Айгак» телеарналары келіп түсірді. Кітапханамыздың белсенді оқырмандары А.Тайтелиева өзінің әсем әнін оқырмандарымызға орындап берді. Кітапхана оқырмандарына құрмет көрсетіп, ата - тегіміз жайлы «Халық қасиеті» атты әсем әнін Е.Темірбаев орындады. Ж.Шанин атындағы драма театрдың белгілі өртісі Е.Шымырқұлов ағамыз оқырмандардың сұрауы бойынша бірнеше ән орындап берді. Кеш соңында кітапхана директоры Б. Нұрманбетов қонақтарға алғысын білдіріп, естелік кітаптар тарту етті. Іс - шара қызықты өте тартымды өтті.

(Эльмира Әбжаппар – ОҚО арнайы кітапханасының қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы)

«Мын өліп, мың тірілген - қазағым» (Қазақ хандығының – 550 жылдығына орай)

Авторлар: specbib
13.02.2015 15:23 -

Іс-шара 18 ақпан 2015 ж. өтті

